Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілердің жоқтығы туралы
ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 39 – бабы 3 – тармағының 27) тармақшасына сәйкес *(бұдан әрі – Заң)* Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысы болған кезде тиісті өкілеттіктері, оның ішінде мемлекеттік органның өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Президенттінің жарлықтарында белгіленген, дауыс беретін акцияларының бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік органның сатып алуы болған жағдайда жүзеге асырылады.

Заңда көрсетілген норманы іске асыру үшін Бәсекелестікті қорғау және дамыту Агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 8 шілдедегі №190/НҚ бұйрығымен ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауы туралы монополияға қарсы органның қорытындысын беру қағидалары *(бұдан әрі - Қағида)* бекітілді.

Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы ММ *(бұдан әрі - Басқарма)* монополияға қарсы органның жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытындысын алу туралы өтінішхаты *(2024 жылғы 8 ақпандағы №06-01-15-02-15/465)* осы Қағидаларға сәйкес қаралды.

1. Тауар нарығының анықтамасы:

Басқарманың жолданған өтінішхатында көрсетілген қызмет түрі – «мүмкіндігі шектеулі спортшыларды даярлау және спорттың әртүрлі түрлері бойынша құрама командалардың спорттық жарыстарға қатысуы» және ЭҚЖЖ – 85510 сәйкес ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының *(әрі қарай – Бюро)* электронды порталындағы *(stat.gov.kz)* ақпарат бойынша келесідей жіктеледі: 85510 – «Спорт клубтарының қызметі».

2. Тиісті тауар нарығында жұмыс істейтін нарық субъектілерінің санын айқындау:

Атырау облысы географиялық шекарасында жоғарыда баяндалған тауар нарықтарында жұмыс істейтін нарық субъектілерінің санын айқындау мақсатында, Қағиданың 5 – тармағына сәйкес «ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті» РММ-не *(әрі қарай – Кірістер департаменті)*, «Азаматтарға арналған үкімет» МК КеАҚ Атырау облысы бойынша филиалына *(әрі қарай – Филиал)* тиісті сұраныс хат жолданды.

Нәтижесінде Филиалмен аталған ЭҚЖЖ сәйкес <u>қазіргі таңда белсенді қызмет ететін</u> 13 *(он үш)* жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі ұсынылса, Кірістер департаментімен ұсынылған мәліметтерге сай 73 *(жетпіс үш)* жеке кәсіпкерлік субъектісі тіркелген.

Сонымен қатар, Қағидалардың 6 – тармағының 4) тармақшасына сәйкес Бюроның электронды порталында *(stat.gov.kz)* көрсетілген ақпаратқа сай аталған ЭҚЖЖ бойынша қазіргі таңда белсенді қызмет ететін 8 *(сегіз)* жеке кәсіпкерлік субъектісінің тізілімі анықталды.

Алайда, Басқарманың 2024 жылғы 26 ақпандағы №06-01-15-02-15/747 шығыс хатына сәйкес, Басқарма осыған дейін аталған қызмет түрі бойынша «Мүгедектер спорт клубы» КМҚК-мен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде қызметтердің *<u>(мүмкіндігі шектеулі спортшыларды даярлау және спорттың әртүрлі түрлері бойынша құрама командалардың спорттық жарыстарға қатысуы)</u>* бәсекелестік ортаға қатыстылығы мәселесі бойынша қандай да бір шағымдар немесе ұсыныстар түспеген *(2007 жылдан бастап)*.

3. Қорытынды: Басқарманың 2024 жылғы 26 ақпандағы №06-01-15-02-15/747 шығыс хатында бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды ұйымдастыру мақсаты <u>сатып алынатын қызметтердің халықтың шағын бөлігіне арналған қызметтер</u> *<u>(мүмкіндігі шектеулі спортшыларды даярлау және спорттың әртүрлі түрлері бойынша құрама командалардың спорттық жарыстарға қатысуы)</u>* болуына байланысты Қағидалардың 6 – тармағының 1) тармақшасы шеңберінде ұсынылған тізілімдерде көрсетілген нарық субъектілері туралы ғаламтордан желілерінен *(субъектілердің әлеуметтік желідегі ресми парақшалары, БАҚ)* қосымша ақпарат жиналды.

Мүмкіндіктері шектеулі спортшыларды даярлау және спорттың әртүрлі түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың спорт жарыстарына қатысуы бойынша клуб көрсететін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып, бұл санат әлеуметтік-спорттық қызметтердің мамандандырылған жүйесіне жатады, себебі спортшыларды даярлау дене шынықтыру мен спорттың бейімделу әдістерін

қолдана отырып, дене шынықтырумен және спортпен айналысуды спорт клубтарында және мамандандырылған мектептерде жүзеге асыратын мүгедектерді дене шынықтырумен және әлеуметтік бейімдеумен қамтамасыз етуді көздейді.

Бұл жағдайда, Басқарманың хатына сәйкес, мүмкіндігі шектеулі спортшыларды даярлаудың және спорттың әртүрлі түрлері бойынша құрама командалардың спорт жарыстарына қатысуының барлық процесі мамандандырылған нормативтік құқықтық актілермен реттеледі *(Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау бойынша оқу-жаттығу процесі жүргізілетін дене шынықтыру және спорт ұйымдары түрлерінің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы No 106 бұйрығы).*

Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі спортшыларды жарыстарға *(паралимпиадалық, сурдлимпиадалық және арнайы Олимпиада ойындары)* дайындауды және олардың өнер көрсетуін ұйымдастыру процесінде арнайы әдістер, медициналық қамтамасыз ету және жергілікті бюджет қаражаты есебінен сатып алынған мамандандырылған спорттық жабдықпен жабдықталған спорттық іс-шараларды медициналық бақылау қолданылады.

Сонымен қатар, жағдайға толық әрі әділ шешім шығару үшін өтінішхатта көрсетілген ЭҚЖЖ кодының жалпы спорт саласын қамтуына байланысты Департаментпен Бюроға, Филиалға, Кірістер департаментіне мүмкіндігі шектеулі спортшыларды спорттық жарыстарға дайындаумен айналысатын нарық субъектілерінің тізімі бойынша қосымша хат жолданып, атап өткен қызметтерге қатысты **ЭҚЖЖ кодының дара қарастырылмағандығына байланысты сұраныс мәліметтерін беру мүмкіндігінің жоқтығы** туралы жауап хат алынды.

Бұған қоса, Департаментпен мүмкіндігі шектеулі спортшыларды дайындайтын нарық субъектілерін анықтау мақсатында «Атырау облыстық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігіне сұраныс хат *(2024 жылғы 27 ақпандағы №6-03-270)* жолданып, «Мүгедектерге арналған спорт клубы» КМҚК Атырау облысындағы мүмкіндігі шектеулі спортшыларды республикалық және халықаралық спорт жарыстарына дайындайтын жалғыз мекеме екендігі туралы жауап хат *(2024 жылғы 28 ақпандағы №7*) алынды.

Осыған орай, Басқарма сатып алғалы тұрған қызметтердің кейбір срекшеліктері болуына байланысты жоғарыда аталған қызмет түрін **нарықта толық көлемде қанағаттандыра алатын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі анықталды.**

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, Заңның 39 – бабының 3 – тармағы 27) тармақшасы шеңберінде, **өтінішхатта белгіленген қызметті** *(мүмкіндігі*

шектеулі спортшыларды даярлау және спорттың әртүрлі түрлері бойынша құрама командалардың спорттық жарыстарға қатысуы) 2024 жылға жоспарланған Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен «Мүгедектер спорт клубы» КМҚК мемлекеттік сатып алуға болады деп **пайымдаймыз**.

Басшы **А. Набиева**